

● ПРЕЗИДЕНТ

## ӨНДІРІСІ ӨРКЕНДЕГЕН Өңір

Кеше Мемлекет басшысының Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өтті.

Қазақстан Президенті халық саны жөнінен алдыңғы қатардағы өңірдің бірі саналатын Оңтүстік Қазақстан облысының дамуына мемлекеттің зор көңіл бөліп отырғанына тоқталды.

— Біз Шымкенттің миллионнан асатын тұрғыны бар қалаға айналуды үшін қажетті күш-жігер жұмсап отырмыз. Қала өсіп, мұнда жаңа орталық салынуда. Өңірдің инфрақұрылымы жақсарып келеді. Облыс арқылы автомобиль жолдары мен теміржол магистральдары, газ құбырлары өтіп жатыр. Бұл жайт бизнестің өркендеуіне, жалпы бүкіл халықтың әл-ауқатының артуына септігін тигізеді, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы кешенін басым дамыту ісіне назар аударды.

Облыстың көкөніс пен жеміс-жидек өндіретін нағыз «фабрикаға» айналуға барлық мүмкіндігі бар. Бұған айтарлықтай қаражат бөлініп жатыр, қазірдің өзінде оның нәтижесі көрінуде. Біз заманауи технологиялар енгізіліп жатқанын көріп отырмыз, соның есебінен өндіріс ұлғаюда. Мәселен, бес жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару мөлшері 2,5 есе өсті, соның нәтижесінде оның бір бөлігін облыс экспортқа жібере бастады. Бұдан бөлек, мал шаруашылығы қарқынды дамуда. Осы жұмыстың барлығы жалғасатын болады, — деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев биыл еліміз халық бірлігінің, өзара түсіністігі мен толеранттылығының нығаюына септігін тигізетін бір-қатар маңызды тарихи оқиғалардың аталып өтілетініне тоқталды.

Соңында Мемлекет басшысы облыс тұрғындарына бақ-береке және табыс тіледі.

Осы күні Мемлекет басшысы Жамбыл облысына жұмыс сапары аясында Тараз қаласына келді.

● КЕҢЕС

## ҚАЛАДА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ СТАНЦИЯСЫ САЛЫНАДЫ

Кеше аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстық сәулет-қала құрылысы кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жинды ашқан облыс әкімі әрі аталған кеңестің төрағасы Қ.Көшербаев кеңестің күн тәртібінде 6 мәселе қаралатынын жеткізді. Мұнан соң кеңес мүшелерінің назарына облысымызда салынатын құрылыс нысандарының жобалары ұсынылды.



Алдымен Қызылорда қаласында салынатын қалалық жедел жәрдем станциясының эскиздік жобасы туралы жобалаушы мекеменің өкілі тарқатып айтты. Аталмыш нысан шаһардың «Астана» мөлтек ауданында орын теппек. Ғимарат үш қабаттан тұрады, оның жанында 24 санитарлық реанимобильге арналған гараж және көлікті жөндеу шеберханасы орналасады. Аумақ толықтай абаттандырылып, көгалдандырылады және тротуарларға плиталар төселеді. Жоба іске асса, жедел жәрдем станциясында 4 ауысмы бойынша 110-120 қызметкер тәулік бойы жұмыс жасайтын болады. Ғимарат және оның қызметі медициналық талапқа толық сай келеді. Кеңес мүшелері жобаны мақұлдап, қолдау білдірді.

Бұдан кейін облыс орталығындағы Желтоқсан көшесінде салынатын 32 пәтерлік тұрғын үйдің эскиздік жобасы таныстырылды. Ғимараттың құрылысына «РемПассажирвагон» өндірістік корпоративтінің қаржысы есебінен «Арх-синтезпроект» серіктестігі салмақ. Жалпы, аталған тұрғын үй 32 пәтерге есептелінген және бес қабаттан тұрады. Оның бірінші қабаты кеңселерге арналған. Кешеннің жобасы қазіргі заман талабымен жобаланған және оның қасбеті классикалық түрде әрленеді. Жобалаушы мекеме өкілі құрылыста сапалы материалдар пайдаланылады деп сендіріп отыр. Кеңес мүшелері тұрғын үйдің айналасына көліктер сыймай қалмас үшін автотұрақ мәселесін әлі де оңтайлы шешуді тапсырып, жобаны мақұлдады.

Ал «Қалибек - Групп» серіктестігінің директоры Д.Қалыбеков «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің бойында салынатын жол бойы кешенінің эскиздік жобасы туралы айтып берді. Кешен Қазалы ауданына қарасты Ақсуат ауылының тұсында орналасады. Жол бойы кешенінде 50 орындық дәмхана, сауда павильоны, жеңіл және ауыр автокөліктерге арналған автотұрақ, автокөлік жөндеу шеберханасы, жүк және жеңіл автокөліктерге арналған эстакада, жанар-жағармай құю бекеті орын тебеді. Дәмхана киіз үйге ұқсатып салынбақ. Жоба толығымен іске қосылса, ауылдың он шақты тұрғынына тұрақты жұмыс табылады.

Сондай-ақ, кеңесте «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің бойынан салынатын тағы бір жол бойы кешенінің эскиздік жобасы қаралды. Кешен Қызылорда қаласының тұсында орналаспақ. Барлық құрылыс «М.Жауынбаев» жеке кәсіпкерлігі қаржысы есебінен жүргізіледі. Кешеннің аумағында жолаушыларға барлық жағдай жасалатын болады. Атап айтқанда, жанар-жағармай құю бекеті, көлік жөндеу шеберханасы, көлік жуу бекеті, кафе, мейрамхана, қонақ үй, жеңіл және ауыр автокөліктерге арналған автотұрақ, жүк және жеңіл автокөліктерге арналған эстакада, демалу орны, жылыжай, сауда павильоны бар. Жоба іске асса, 60 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіледі. Нысандардың сырт келбеті ұлттық нақышпен көркейтілмек.

Жол бойы кешенінің кеуейтін құрылысы да екі жылда толықтай аяқталды деп көзделуде. Кеңес мүшелері екі жобаға да қолдау білдірді.

Бұдан бөлек, кеңес отырысында қаралған Қызылорда қаласы «Арай» мөлтек ауданында салынатын тұрғын үй кешенінің және Қармақшы ауданындағы қаз-қыс мезгілдерінде балалар демалысы үшін арналған 150 орындық лагердің эскиздік жобалары мақұлданды. Бұлар кеңес мүшелері тарапынан сыға ұшырап, қайта пысықтауға жіберілді.

Дәурен ОМАРОВ.

# Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

28

НАУРЫЗ СЕНБІ

2015 жыл №43-44 (18931-18932)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

## ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ КӨРКІ – КӨГІЛДІР ОТЫН

Қызылорда өңірінің бүгінгі даму деңгейі елдің жетістігін тұтастай паш ете алады. Айтары жоқ, аз ғана уақыт аралығында қаншама жетістіктерге қол жеткіздік десеңізші. Оның бәрін тізіп айтып шығу мүмкін емес. Десе де, облыс орталығының газдандырылуы қызылордалықтардың басты қуанышының біріне айналғанын айрықша атап өткен жөн. Осыдан он бір жыл бұрын «Ақшабұлақ» кенішінде Қызылорда бағытына тартылатын газ желісінің алғашқы құбыры дәнекерленді. Бұл біздің облыс үшін сол уақыттағы ерекше бір тарихи оқиға саналды.

Бұл жұмыс «Қызылорда қаласының жылу-қуат көздерін және тұрғын секторын ілесе газға көшіру» жобасының аясында атқарылды. Бүгінде қызылордалықтардың 80 пайыздан астамы өркеніеттің барлық қолайлы жағдайын туғызып отырған табиғи газдың рахатын көруде. Сонымен қатар, үстіміздегі жылы қала іргесіндегі Талсуат ауылдық округі және осындағы 3 әлеуметтік нысанды газдандыру үшін республикалық бюджет есебінен 271,2 млн. теңге қарастырылуда. Бұған қоса, алдағы 2016 жылы Қызылорда қаласында бұрын газ құбырына қосылмай қалып қойған тұрғын үйлерге газ жеткізу жоспарланып отыр. Ал Қарауылтөбе, Бейкөл кенттерін газбен қамтамасыз етуге бюджеттік өтімге ұсыныс берілген.

Облыстық бюджеттен қаржыландыруға тағы 6 жоба-сметалық құжаттама әзірлеу үшін 2015 жылға 345 млн. теңгеге бюджеттік өтім ұсынылған. Мамандардың айтуынша, І кезеңде облыс аумағына орнатылатын қалған 8 автоматтандырылған газ тарту стансаларының құрылысын салып, елді мекендерді газдандыру жұмыстарын республикалық бюджет есебінен 2015-2017 жылдар аралығында жүргізу жоспарланып отыр. Бұған қоса, ағымдағы жылы Жо-салы және Кесеуік кенттерінде салына-тын АГРС-тер құрылысының жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеу үшін облыстық бюджеттен 113,9 млн. теңге көлемінде қаржы бөлініп, бүгінгі күні жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Қала іргесіндегі екі қонысты газдандыру ісі өткен жылы басталды. Қазіргі күні аталған қоныстарда кварталішілік газ құбырларының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Мердігер компаниялар келісім-шарт бойынша аталған құрылыс-монтаж жұмыстарын 2015 жылдың желтоқсан айында аяқтауы тиіс. Сол кезде Тасбөгет кентіндегі 13 мың, ал Қызылжарма ауылындағы 8 мың тұрғын «көгілдір отын»

игілігін көретін болады. Шет аймақтарды газдандыруға 2014 жылы республикалық бюджеттен 1,2 млрд. теңге қаржы бөлінді. Ал, биылғы жылы осы аталған жұмыстарды аяқтауға ел қазынасынан тағы 806,4 млн. теңге қаржы қарастырылып отыр.

Үстіміздегі жылы Қызылорда облысы елді мекендерінің 70 пайызы «көгілдір отынмен» қамтамасыз етіледі. Өткен жылы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылысы аяқталды. Жалпы ұзындығы 1143 шақырым болатын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыры Манғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағынан өтеді. Айта кетерлігі, ауқымды жобаның І кезеңі бытыр аяқталды. Жаңа магистраль бойынша тасы-малданатын газды енді жергілікті тұрғындар да кеңінен пайдалана алады. «ҚазТрансГаз» компаниясы алдымен автоматтандырылған газ тарту стансаларын (АГТС) орнатып, бұған қоса ауыл-кварталішілік газ құбырлары желісін жүргізу жұмыстарын бастады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында жасалған әріптестік меморандум аясында биылғы жылы 23 млрд. теңге қаражат бөлінген. Инвестициялық жобаға сәйкес алдымен 4 аудан орталығы (Арал, Өйтеке би, Шиелі және Жаңақорған кенттері) және Байқоңыр қаласы маңында барлығы 5 АГТС салына-ды. Жұлдызды қалашық іргесіндегі АГТС-тан Төретам кентіне дейін 14 шақырымдық жоғары қысымды газ құбыры және 70 шақырым қалашілік газ құбыры жүргізіледі.

АГТС және ауыл-қалашілік газ құбырларын жүргізу жұмыстары 2015 жылдың І шілдесіне дейін жалғасады. Жалпы 3 жыл ішінде облыс аумағына осындай 18 АГТС салу жоспарланып отыр. Бұдан басқа осы жо-баны іске асыру барысында 1439 шақырым газ құбырын, 81 бірлік газ тарту пунктін, 258 шкафты пункт салу көзделіп отыр. Осы



жұмыстар ойдағыдай жүзеге асқан кезде облыс халқының 70 пайызы, яғни, 190 мыңнан астам тұрғынды табиғи газбен қамтамасыз ету жоспарланған.

Сонымен Қызылорда облысы елді мекендеріне газ тартудың да мүмкіндігі туы. Аймақты газбен қамту аясында мыңнан аса жұмыс орны ашылады. Өңірде бірінші бо-лып Арал ауданында газ жүргізу жұмыстары қолға алынды. Ол 18 ақпан күні рес-ми жағдайда басталды. Оған осы күні об-лыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың есеп беру жиынына қатысушылар онлайн-режим арқылы куә болды. Енді «Бейнеу-Шымкент» газ құбыры арқылы Арал қаласы 100 пай-ыз газбен қамтылатын болады. Содан кейін кезең-кезеңімен аудандағы елді мекендер-ге газ тарту жұмыстары жүргізіледі. — Біз Қызылорда облысының елді мекендерін газдандыру жұмыстарын бүгіннен бастап кеттік. Қазіргі таңда Арал, Жаңақорған аудандарының орталығында құбырларды дәнекерлеу жұмыстары жүргізіле бастады.

Жыл соңына дейін құрылыс жұмыстарын мерзімінде әрі сапалы орындауға уәде береміз, — деді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының директоры Серікхан Байзақов. Сол күні Жаңақорған кенті іргесінде де алғашқы газ құбыры дәнекерленген еді. «Сіздің үйге жылулық пен шаттық». Бұл «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ұжымының жұмысында ұстанған басты девизи. Олай бол-са, Сыр өңірінің тұрғындары алдағы кезеңдері үйлеріне келген жылулық пен шаттықты сезіне бастайды.

Сырдың суық салқынында, өңменнен өтетін желді күндері отын жарып, көмір тасу, сыртқа күл шығарып, күнде әуреге түсу оңай емес. Таң атқаннан күн батқанға дейін үйде жылу үзілмес үшін пеш жағып шаршайтын отбасының бәрекесі болған ауылдық жердегі аналар мен аралар табиғи газды тұрмыста пайдаланудың қолайлылығын сезініп, артықшылығын бағалайтын күндер де алыс емес.

Ыдырыс ТӘЖІҮЛІ.

● САПАР

## ЕЛ ДАМУЫ ЕЛДІ МЕКЕННЕН БАСТАЛАДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қармақшы ауданының Төретам кенті мен Ақай ауылында болып, құрылысы жүріп жатқан әлеуметтік нысандар жұмысымен танысты. Сапар аясында кент және ауылдық округ тұрғындармен кездесті.

Облыс әкімінің жұмыс сапары Байқоңыр қаласынан бастау алды. Жұлдызды қалашықтағы «Байқоңыр» қонақ үйінде об-лыс әкімі Қырымбек Көшербаев Ресейдің Федералдық ғарыш агенттігінің төрағасы Игорь Комаровпен кездесті.

Мәжілісте тараптар бірқатар маңызды мәселелерді талқылады. Нақтырақ айтсақ, бұрын Ресей Федерациясында жалға берілген 25 мың гектар жер телімін кері қайтарып алуға байланысты ал-дың ала келісім жасалды. Енді тиісті құжаттар рәсімделіп, мәселе оңынан шешілсе, бұл жердің 3579 гектары ғарышты шаһар іргесіндегі Төретам кентіне берілетін бола-ды. Осы жер учакесінің 184 гек-тары кент дамуының бас сызба-сы бойынша жаңа кент орталығын

салуга, 90 гектары шағын және орта кәсіпкерлік нысандарын са-лып, бизнесті дамытуға, келесі 145 гектары аталған кенттің аумағын кеңейтуге бағытталады. Сондай-ақ, Ақай ауылының аумағы да ұлғаяды. Оған 122 гектар жер телімі беріледі. Бұған қоса, 21344 гектар жер телімі «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің бойында келіктік-логистикалық инфра-құрылым салуға және жоғары қысымды «Бейнеу-Бозой-Шым-кент» магистральды газ құбырының желілік бөлігін өткізу мақсатына қолданылады деп жоспарланып отыр.

Басқосуда Байқоңыр қаласы мен Сыр өңірінде ішкі туризмді дамыту, жұлдызды қалашықтағы қазақтың қарақөз балалары білім алып жатқан 6 мектепті қазақстандық білім стан-дартына көшіру, Ұлы Женістің қайтарып алуға байланысты ал-дың ала келісім жасалды. Енді тиісті құжаттар рәсімделіп, мәселе оңынан шешілсе, бұл жердің 3579 гектары ғарышты шаһар іргесіндегі Төретам кентіне берілетін бола-ды. Осы жер учакесінің 184 гек-тары кент дамуының бас сызба-сы бойынша жаңа кент орталығын



Байқоңырда Қазалы мен Қармақшы аудандарының мәдениеті мен өнері күндері ұйымдастырылады. Кезде-сі бұдан бытырдағы аймақтың келе жатқан Байқоңыр қаласындағы 6 мектепті қазақстандық стандартқа көшіру мәселесі тақырыпқа тамызық болған сәтте аймақ басшы-сы: — Білім ошақтарына негізгі жау-апты ведомство ретінде Федералдық ғарыш агенттігін белгілеу дұрыс емес. Бұл ұйымдастырудағы проце-дураны қиындата түседі. Сондықтан біздің ұсынысымыз екі салалық министрлікпен келісе отырып, жергілікті атқарушы органды жау-

апты ретінде белгілеу қажет, — деді. Ғарыш айлағының туристік әлеуеті жоғары болуы себепті де біздің мақтанышымыз — Байқоңыр кешені 2017 жылы Астанада өтетін халықаралық көрмеде шетелдік және отандық туристерге көрсетілетін нысандардың қатарына кіргені белгілі. Өлемде теңдесі қол ғарыш айлағының туристік орталыққа айналатын күні алыс емес. Бұл мақсатта ғарыш зымырандарының көк төсіне самғайтын сәтін тама-шалайтын арнайы екі кешен са-лынады. Сонымен қатар, ғарыш аумағындағы қос әуежайдың

бірі — «Крайний» әуежайы құр-делі жөндеуден өткізіліп, Ас-т а н а - Қ ы з ы л о р д а - Б а й қ о ң ы р, Алматы-Қызылорда-Байқоңыр ба-ғыттарында әуе рейстерін ашу ба-рысында жауапты жасалады. Бұған қоса, Байқоңырға кіруге рұқсат бе-руге арналған құжаттарды дайындау рәсімі жеңілдетілетін болады.

Мұнан соң облыс әкімі Төретам кентіндегі жаңалан ашылған «Ба-рыс» сауда орталығына ат ба-сын бұрды. Аталған орталық ел Үкіметінің 2010-2014 жылдарға арналған сауданы дамыту тура-лы бағдарламасы және 2014-2015 жылдарға арналған республикалық сауда базарларын заманауи жаңа форматқа кезең-кезеңімен көшіру іс-шаралары жоспары а-ясында салынған. Екі жыл бұрын пайдалануға берілген нысанның құны — 100 млн теңге. Аймақ бас-шысына сауда орталығының иесі Оңталап Қирабаев бірнеше ада-мды жұмыспен қамтып отырғанын, бұл сауда орталығының қос елді мекен мен Байқоңыр қаласының тұрғындарына сапалы қызмет көрсетіп келе жатқанын жеткізді. Осы жерде облыс әкімі Төретам кентінде ШОБ-ты дамытуға қолайлы мүмкіндік жасалатынын, «Байқоңыр» ғарыш айлағына берілген жер телімінің кері қайтарылатынын атап өтті.

2-бөлім

● КӨКТЕМ ҚАРЕКЕТІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен көктемгі дала жұмыстары және егіс маусымына дайындық мәселелеріне арналған селекторлық мәжіліс өтті.

Облыстық ауыл шаруашылығы бас-қармасы басшысының орынбасары Ө.Пашкеновтың айтуынша, биыл ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыс әкімдігі арасындағы дақылдарды әртараптандыру тура-лы меморандумға сәйкес 164,1 мың гек-тар жерге егіс егіледі. Оның 83,1 мың гекта-рына дәнді дақылдар, 56,5 мың гектарына мал азықтық дақылдар, 22,9 мың гектарына картоп, көкөніс және башқа, 1,6 мың гектарға майлы дақылдар орналастырылмақ.

Егіншілік саласын мемлекеттік қолдау үшін, оның ішінде су жеткізу қызметіне, жеміс-жидек және жүзім өсірушілерге, пестицидтерді залалсыздандыруға, жанар-жағармайға, зиянкестермен күреске, гербицидтерге, тыңайтқышқа, тұқымға субсидия төленеді.

Биыл құйылған күріш тұқымының 46 пайызға жуығы себу дәрежесіне жет-кен. Шаруашылықтарды көкөніс, картоп тұқымдарымен қамтамасыз ету үшін тапсы-рыс берілуде. Егіске қажетті тыңайтқыштың



## ДАЛА ДҮБІРГЕ ТОЛДЫ

жартысына жуығы әзір. Дала жұмыстарына пайдаланылатын техникалар науқанға дайын болып қалды. Машина-трактор паркін жаңалауға ниет танытқандар «Қазпрокаржы» АҚ арқылы 129 техникаға сұраныс берді. Жанар-жағармайды жеткізіп беру жұмыстары жалғасуда. Межеленген егіс көлеміне сәйкес қажетті су лимиті нақтыланды.

Мәжілісте «Қазсуар» РМК облыстық филиалының директоры Б.Арыстанбаевтың

айтуынша, Шардара су қоймасынан Сыр-дария өзенінің төменгі ағысына секунды-на 600 текше метр су тасталуда. Егістікке қажетті су аз болған жағдайда бірінші кезек-те атқарылатын шаралар пысықталып жа-тыр. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері су жеткізу қызметіне 60 млн. теңге қарыз. Аудандардағы өндірістік учаскелер бойын-ша алқаптарды сумен қамтамасыз ететін нысандарға жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Су алу науқанына дейін жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды.

Аймақта күріш кластерін құру және да-мыту мақсатында атқарылған жұмыстарға тоқталған «Байқоңыр» ӘКК департамент ди-ректоры Е.Тағжарық 26 шаруашылықтан күріш салысы сатып алу келісімі жасалғанын айтты. Өткен жылы 42 шаруашылықтан 16,2 мың тонна күріш сатып алынған. Бүгінде қаржылай қолдауға ие болған шаруашылықтар 93,5 пайыз тұқыммен, минералдық тыңайтқыштармен қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта шаруашылықтарды қаржылай қолдау «Қазпрокаржы» АҚ-ның

несие желісінен түсетін қосымша 100 млн теңге және элеватордағы күріш өнімдерін са-тудан түскен қаражат есебінен жүргізілетін болады.

Селекторлық мәжілісте Қызылорда қаласының және барлық аудандардың әкімдері жауапты кезеге дайындық туралы есеп берді. Алдағы маусымда ауыл шаруашылығы саласы-на жүктерін міндет жүгі жеңіл болмайды. ҚР АШМ мен облыс әкімдігі арасындағы мемо-рандум аясында жұмыс атқару ерте көктемнен егіс басына шыққан еңбеккерлердің табы-сын еселей түспек. Дикандарға дақылдарды әртараптандыру, жаңа технологияларды пай-далану, суды үнемдеу сияқты тапсырмалар берілді. Күріштің экспорттық әлеуетін арт-тыруда, басқа да дақылдарды егуде ғылыми негізделмеге сүйену өнімділікті жоғарылатады. Сондай-ақ жұмысты жоспарлағанда «Қаз-гидромет» болжамдарына сүйену, мүм-кіндігінше сапалы тұқым егудің тиімділігі атап көрсетілді.

Мәжіліс қорытындысында сала басшыла-ры мен тиісті тұлғаларға ауыл шаруашылығын өркендетуге, азық-түлік белдеуін түзуге қатысты бірқатар тапсырмалар берілді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.





# ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫМ ЕН КЕЗДЕСУЛЕР

**Кеше Қазақстан Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабы мүшелері аймақтар бойынша насихат жүргізу үшін жолға шықты. Осы орайда насихат тобының ең алдымен Қарағанды облысына ат басын бұруы бекер емес. Себебі Ұлт Көшбасшысының еңбек жолы дәл осы жерден бастау алған болатын.**

Делегация құрамында – Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, Қазақстан Партияоттары партиясының төрағасы Ғани Қасымов, «Ақ жоң» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Бірлік» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов, ҚХА Төрағасының орынбасары Анатолий Башмаков, қоғам қайраткері Оралибай Әбдікерім, Мәжіліс депутаттары Майра Айсына, Асқар Базарбаев, Мұхтар Тінікеев және Серікжан Қанаев, Сенат депутаты Мұхтар Алтынбаев, Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрегелді Шарманов, Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев және басқа да танымал қазақстандықтар бар.

Еліміздің өндіріс орталығында өңір белсенділерімен, студент жастармен, кәсіпкерлермен, «Арселор Миттал Темиртау» АҚ шахтерлерімен және этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен бірқатар кездесулер өтті.

Қарағандылықтар үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы үшін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа алғыс білдірді. Осы бағдарлама аясында соңғы 5 жылда облыста 59 кәсіпорын іске қосылды, 5000 жана жұмыс орны ашылды.

Аймақтың қоғам қайраткері Татьяна Савицкая қазақстандық әйелдер қауымы атынан елімізде орнаған бейбітшілік, тұрақтылық пен тыныштық үшін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа шексіз ризашылығын жеткізді.

Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі атап өткендей, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саясатының арқасында Қазақстан елімізді дамудың жана деңгейіне көтеретін ұлы өзгерістерге қарай қалам басқалы тұр.

Кездесулерге мыңдаған қарағандылық қатысты. Өз сөздерінде олар Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саясатының арқасында Қазақстан зор жетістіктерге қол жеткізгенін атап өтті.

Халық мемлекетімізді мықты көшбасшы басқарғанын қалайды. Сол себепті Орталық Қазақстанның тұрғындары бірауыздан 2015 жылы 26 сәуірде республикамыздың гүлденуі үшін, яғни, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үшін дауыс беретіндерін мәлім етті.

## ҚР ОСК САЙЛАУАЛДЫ ҮҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫН ЖАЙТТАРДЫ ЖАРИА ЕТТІ

Бірқатар мемлекеттік орган қызметкерлеріне сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады. Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясында өткен брифингте комиссия хатшысы Бақыт Мелдешев мәлім етті.

«Кандидаттардың сенімді өкілі бола тұрып, өзінің қызметін пайдаланып, қарамағында жұмыс істейтін азаматтарды үгіт жұмысына тартуға тыйым салынады. Үгіт жұмысы алдында сайлаушылармен кездесу барысында тегін тауарлар таратып, лотерейлар ойынатпауға да болмайды», – деді ҚР ОСК хатшысы.

Сонымен қатар онңн сөзіне қарағанда, үгіт жұмысын жүргізген кезде кандидаттар өзінің үгіт плакаттарында елімізге есімі белгілі азаматтардың суретін онның келісімімен жария етуі тиіс. Келісімі болмаған жағдайда мұндай плакаттардың ілінуіне тыйым салынады.

«Плакатты жасаған кезде онның төмен жағында қандай қаражатқа бастырылып, қандай баспадан шығарылғаны көрсетілуі қажет. Мұнан бөлек, сайлау күнінде сайлау учаскесінің ішінде әлеуметтік сауалнама жүргізуге болмайды», – деді Б.Мелдешев.

**Кеше Қазақстан Коммунистік халық партиясы атынан ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықов Көкшетау қаласында кездесу өткізді.**

Алғашқы іс-шара «Көкше» Академиясында» өтіп, студенттер қауымымен кездесті. Кездесуде ҚКХП Ақмола облыстық комитетінің бірінші хатшысы Б.Д. Мәжитов модераторлық етті. Т.Сыздықов өз сөзінде жастарға батыстық мәдениеттің көлеңкелі ықпалы туралы айтып берді.

«Голливудтік фильмдер мен батыстық компьютерлік ойындар да зорлық-зомбылыққа толы. Батыстық мода күнделікті киіп жүрген киімдердің еліктер үлгісі болудан қалды.

Бүгінде батыстық мәдениеттің негізінде не жатыр – зорлық-зомбылық пен өңшен адамгершілікке жат қылықтар, өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға деген құлшыныс жоқ.

Батыстық тамақтану жүйесі, өлшеусіз көлемде фаст-фуд тұтыну адамдардың денсаулығын қауіпке тігіп отыр.

Бұл жүйе аз шығынмен мол табыс табуды ғана мақсат тұтады.

Зиянды азық-түлікті тұтыну салдарынан түрлі ауру-сырқаулар өршіп отыр.

Дұрыс тамақтанбау және салауатты өмір салтын ұстанбаудың кесірінен семіздікке, ақыл-естің ауытқуы сынды түрлі дерттерге шалдыққан елдер рейтингінде Батыс мемлекеттері алда келеді», - деп атап өтті Т.Сыздықов.

Сондай-ақ Т.Сыздықов «Көкшетау минералды сулары» ЖШС жұмысшыларымен кездесті.

Іс-шараны ҚКХП Ақмола облыстық комитетінің бірінші хатшысы Б.Д. Мәжитов ашты.

«Барлық компьютер ойындарында балалардың санасына терең бойлап, агрессия тудыратын вирустар бар. Батыстан ескен зорлық-зомбылыққа негізделген насихат адамды ақыл-естен, парасаттан айырады. Шетелдік киім-кешек, музыка, фильмдер мен сериалдар жастарды «дұғалап» қойғандай. Батыстық өмір сүру салтының кесірінен бала туу деңгейі төмендеп, жастар жауапкершіліктен қашуда.

Тіпті, Батыстағы мультфильмдердің тұр-тұрпаты жоқ кейіпкерлері бір-бірін балағаттап, қырып-жойып жатады. Мұның бәрі жоғарыда атап өткен күрделі мәселелердің бірден-бір себебіне айналды. Дәл осындай батыстық өнімдер балаларымызды қатыгездікке, арыздыққа тәрбиелеуде.

Голливудтік стандарттардың бәрі тек табыс табуға негізделген.

Сонның салдарынан Батыста адамдар бір-бірімен араласудан қалды», – деді Т.Сыздықов.

## СӘУІРДЕ ӨҢІРЛЕРДЕ СЕМИНАР-КЕҢЕСТЕР ӨТКІЗІЛЕДІ

Сәуір айының басында Орталық сайлау комиссиясының мүшелері өңірлерге барып, Президент сайлауына орай семинар-кеңестер өткізеді.

Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қуандық Тұрғанқұлов «Қазақстан Республикасындағы сайлауды бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелерімен кездесу барысында мәлім етті.

Кездесу барысында ОСК төрағасы қазіргі уақытта халық арасында заңнамалық сәйкес сайлау процесінің әрежелері мен тәртібін түсіндіру жұмыстары қолға алынғанын атап өтті.

«Сәуір айының басында Орталық сайлау комиссиясының мүшелері өңір-

лерді аралап, бірқатар семинар-кеңестер өткізетін болады», – деді ол. Сонымен қатар ол Орталық сайлау комиссиясының барлық қоғамдық ұйымдармен ынтымақтаса жұмыс істеуге дайын екендігін баса айтты. «Біз үшін СБРҚХ сарапшыларының сайлау заңнамасын бұзушылықтардың қорытынды есепке жинамай, бізді заң бұзушылықтар туралы тікелей сайлау науқаны барысында жедел түрде ақпараттандыруы маңызды, бұл сайлау органдарына бұзушылықтарды тиімді және уақытылы жоюға және осындай бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Қ.Тұрғанқұлов. Кездесу соңында ОСК басшысы сайлау органдары транспарентті және ашық сайлау өткізу үшін бар күштерін салатынын айтты.

**Кеше ҚР Президенттігіне кандидат Ә.Құсайынов Алматыда бірқатар кәсіпорын жұмысшыларымен кездесу өткізді.**

Алғашқы кездесу «ОБИС»Компания» ЖШС-да өтті.

Ә.Құсайынов экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселесін көтерді. «Бүгінде ғаламшарды айналған озон қабатының бұзылуы, Әлем мұхиттарындағы судың ластануы, жердің ластануы, топырақтың құнарсыздануы, биологиялық тіршіліктің азуы және т.б. мәселелер өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта экология биологияның шеңберінен шығып, адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін пәнаралық ғылымға айналды.

Экология «адам – табиғат» проблемасын зерттеуде күрделі әрі ұзақ жолдан өтті.

Адам мен Табиғат арасындағы қарым-қатынастың өзіндік ерекшелігі бар. Адамға сана берілді, сол арқылы ол табиғатта алатын орнын айқындап, Жер жүзінде өз жаратылысының мәнін түсінуге мүмкіндік алды.

Қазірде экологияны «адамзаттың жеке үйі» – биосфера туралы, онның ерекшеліктері, адаммен қарым-қатынасы және байланысы, ал адамның жалпы қоғаммен байланысы туралы ғылым деп те атап жүр.

Биология шеңберіндегі дербессіз пәннен экология кешенді пәнаралық ғылымға – айқын дүниетанымдық мазмұны бар заманауи экологияға айналды.

Бүгінгі күні экология тірі организмдердің қоршаған ортамен байланысы туралы биологиялық ғылым деген бастапқы түсінігінен алшақ бірнеше ғылыми салаларға және пәндерге бөлінді.

Қазіргі заманғы экология тек биологияның ғана емес, жалпы жаратылыстану ғылымдарының шеңберінен дараланып шықты. Заманауи экологияның идеялары мен принциптері дүниетанымдық мазмұнға ие, соның негізінде экология адамзат және мәдениет туралы ғылымдармен ғана емес, сондай-ақ философиямен де тығыз байланыста. Жүз жылдан астам тарихы бар ғылымның осыншалықты өзгеріске ұшырауына қарап, заманауи экология серпінді дамушы ғылым деген қорытынды жасауға болады», - деді Ә.Құсайынов.

Жалпы алғанда, Ә.Құсайынов пен жұмысшылар арасындағы кездесу мазмұнды әрі қызықты өтті.

## САЙЛАУДЫ ҚОҒАМДЫҚ КОМИССИЯНЫҢ 10 МЫҢҒА ЖУЫҚ БАЙҚАУШЫСЫ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Президент сайлауын қоғамдық комиссияның 10 мыңға жуық байқаушысы қадағалайды.

Бұл туралы «Қазақстан Республикасындағы сайлауды бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нұрлан Ермбетов айтты.

«Біз жақында Қазақстан Республикасындағы сайлауды бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссияны құрдық. Онның құрамына елімізге белгілі, өз ісін, елдің жағдайын жетік білетін азаматтар кіріп отыр. Қазір байқаушыларды дайындау жұмыстарын қолға алудамыз. Республикадағы барлық сайлау учаскелерінде 10 мыңға жуық байқаушымыз болады», - деді ол. Н.Ермбетовтің айтуынша, комиссияның негізгі мақсаты – тек қателіктерді анықтау ғана емес, онның алдын алу болмақ. «Біз сайлаушылармен жұмыс істеуіміз керек. Осынау саяси науқанда еліміздің барлық азаматтары белсенділік танытуы тиіс. Өрине, біз Орталық сайлау комиссиясымен, кандидаттардың штабтарымен тығыз жұмыс істеп, шет елден келген байқаушылармен тығыз байланыс орнатамыз. Себебі, біз осынау саяси доданы байқау жұмыстарын бірлесе жүзеге асыруымыз қажет», – деді ол.

# ЕЛ ДАМУЫ ЕЛДІ МЕКЕННЕН БАСТАЛАДЫ

Келесі аялдаған нысан – кенттегі №269 мектеп болды. Мұнда нақты кезеңде 565 оқушы білім алууда. Өткен жылғы түлектер ҰБТ-дан орташа 65 балл жинады. Мектеп жанындағы «Балауса» шағын орталығында 50 бала тәрбиеленуде. Жаңа мектеп салынғанға дейін оқушылар теміржолдың арғы бетіндегі мектепке қатынап, білім алшыты.

Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» тынығу орнына Қармақшы ауданынан 131 бала барып, алдағы сынаққа дайындалған-ды. Соның 6-ы осы білім ошағының оқушылары. Мектеп директоры Ф.Аманованың айтуынша, дайындық нәтижесі жаман емес, түлектер жоғары көрсеткіш көрсетті. Биыл мұнда 12 оқушы мектеп бітірсе, соның 11-і ҰБТ-ға қатысады. Мектеп бітірушілермен және ұстаздар қауымымен жүздескен облыс басшысы елдің болашағы саналатын өрендерге мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатқанын айтты. Облыс әлеуметтік салаға, онның ішінде білім саласына қаражат бөлумен республикада алдыңғы қатарда тұр. Мәселен, өткен жылдың өзінде салаға 66 млрд. тенге қаражат бөлінген. Алдағы 3 жыл ішінде облыстағы 22 мектепке 9 млрд.тенге қаражат қаралып, оларға Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесі кеңінен енгізіледі. Естеріңізде болса, облыстың бюджеті 1996 жылы осы шамадан аспайтын. Мұның бәрі Елбасының жасап жатқан қамқорлығының нәтижесі. «Оқушыларымыз бізден де алғыр, бізден де білікті болып шығуына біз барлық жағдайды жасауымыз керек», - деп түйіндеді ойын аймақ басшысы.

Бауған қоса, 2013 жылы аймақта мектеп бітіруші 300, өткен жылы 107 оқушыға білім гранты берілсе, биыл тағы 100 түлекке облыс әкімінің гранты бөлінгені отыр. Нақты кезеңде Сыр өңірінің оқушылары Ресейдің маңдайалды оқу орындарында облысқа керек мамандықтар бойынша оқып жатыр. Ең бастысы, олар Ресей Үкіметі есебінен бөлінген қаражатқа білім алууда.

11-сынып оқушысы Г.Қожамұратова «Талдысу» лагерінде ұйымдастырылған қосымша курстың маңызын атап өтіп, бітіруші түлектердің білімін жетілдіруге жасалған мүмкіндікке алғысын білдірді.

Аймақ басшысы Ақай ауылында салынып жатқан 280 орындық балабақшаның құрылысымен танысты. Бұл балабақша биыл тамызда ел игілігіне берілмекші. «Болашақ – Құрылыс» ЖШС салып жатқан нысан толық пайдалануға берілгенде кезекте тұрған 300-ге жуық бала



түгелге дерлік балабақшаға қабылданады. Айта кетейік, тұрғындарға үш балабақша, бір орта мектеп, емхана, клуб, кітапхана, спорт алаңы, нотариаттық кеңсе қызмет көрсетеді. Кәсіпкерлік нысандарға келсек, мұнда 2 наубайхана, 5 ЖШС, 2 шапшараз, 2 тс емдеу кабинеті, бірнеше тойхана мен 30 дүкен және кондитер цехы бар. Тіркелген 30-дан астам кәсіпкердің бәрі салығын төлеп, жергілікті бюджеттің ұлғаюына сеп болып отыр.

Облыс әкімі осында былтыр ірге көтерген 600 орындық мектептің құрылыс жұмыстарын да назарға алды. Қазір Ақайдағы жалғыз мектеп 320 балаға арналған. Ал онда білім алып жатқан шәкірттер саны 875-ке жетіп отыр. Ауыл әкімі Р.Байшораеваның әңгімесінен анғарғанымыз, шағын ауыл ұлғайып, уақыт озған сайын тұрғындардың саны артып келе жатыр. Мәселен, 12 жыл бұрын мұнда барлығы 1000 адам болса, тұрғындар саны бүгінде 5 мыңнан асқан. Тіпті жобадағы мектеп ауылдағы халық санының өсу динамикасын ескергендіктен және балаларға сапалы білім беру мақсатында салынып отыр. Жобаның жалпы сметалық құны – 890,7 млн.тенге. Оның төрттен бірі өткен жылы игеріліпті. Ауылдағы балабақша тәрізді бұл мектеп те алдағы жана оқу жылында пайдалануға беріледі. Қолданысқа берілгеннен кейін екі мектепте де балалар бір ауысымда оқитын болады. Түстен кейін түрлі үйірмелер жұмыс жасайды.

Сапар соңында Ақай ауылындағы «Достық» саябағында облыс басшысы кент, ауыл тұрғындарымен кездесіп, емен-жарқын әңгімелесті. Еске сала кетсек, Байқоныр қаласына кіреберіс жерден

саябақ салуға осыдан бір жыл бұрын Қармақшы аудандық бюджетінен 49,7 млн.тенге бөлінген еді. Мергілер болып танылған «Өмірзақ» ЖШС саябақты қараша айында тұрғындар игілігіне ұсынды. Осы жерде ауыл ардагерлері елдің болашағына қатысты ойларын ортаға салып, көкейдегі сауалдарын да жолдан жатты. Жарыққа қатысты сұрақтарға облыс әкімі Еуропаның қайта құру және даму банкімен 3 жылдық бағдарлама жасалғанын айтты. Қазір тек Төретам мен Ақай ғана емес, өңірдегі электр желілерінің 80 пайызының тозығы жетіп тұр. Электр желісі банктен алынатын несие қаражаты есебінен толық жанартылады. Сонымен қатар, биыл газ келетінді, ол үшін «ҚазТрансГаз» компаниясы 23,2 млрд.тенге қаражат бөліп, облысты газдандыру жұмыстары екі бағытта бірдей басталғаны айтылды. Айта кеткен жөн, облысты газдандыруға мұндай қомақты қаражат бізден өзге бірде-бір өңірге бөлінген жоқ. Жалпы, облысқа барлығы 14 автоматты газ тарату стансасы салынады. Нақты кезеңде онның 5-нің құрылысы басталды. Төретам кентіне көгілдір отын жыл соңына дейін келеді. Біздің барлық біріккен жобаларымыз жүзеге асқанда Төретам кенті мен Ақай ауылдық округі Байқоныр қаласымен бірге кешенді түрде дамиды.

Сыр өңірінің соңғы жылдары жасарып, жанарып келе жатқанын қуанышпен жеткізген кенттегі ардагерлер кеңесінің төрағасы Жаскылық Қыпшақбаев аймақ басшысына ризашылығын білдіріп, Сыр өңірін қамқорлық қанатына алған Мемлекет басшысына алғасуыз алғысын білдірді.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ,  
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

## “Айқын” жобасы жемқорлықтың алдын алады

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетімен өтініштердің қарау тәртібі ашықтығын қамтамасыз ету және онның барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында «Айқын» жобасы әзірленді. 2013 жылдың 1 сәуірінен бастап, Қызылорда облысы әкімдігі аппараты және облыстық басқармалар тікелей жүгінген әрбір жеке тұлғаларға және заңды тұлға өкілдеріне бірегей нөмірлері бар талондар беру жүзеге асырылады.

«Айқын» жобасының басты ерекшелігі – азаматтар мен ұйымдар өз өтініштерінің қарау тәртібін Интернет арқылы бақылай алады.

Аталған жоба жеке және заңды тұлғалар өзідерінің өтініштерін мемлекеттік органдармен нақты мерзімде қаралуын бақылауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, олар өтініш бойынша мәліметтерді, құжаттардың қозғалысын және қабылданған шешім туралы мәліметтермен қатар, өтініштердің қарау мерзімдерін бұзу фактілерін білуге болады.

Жоғарыда аталған талонның бірінші бөлігінде ерекше нөмір, өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы, қолы, арызды қабылдаған субъект қызметкерінің аты-жөні мен оны қабылдау күні, уақыты көрсетіліп, талон

алушының қолы қойылады.

Өтінішті мемлекеттік органға жеке апарып тапсырған уақытта өтініш беруші өтінішті қабылдап алған кенсе қызметкерінен 18-санды бірегей нөмір жазылған талон қабылдап алады, осы талондағы бірегей нөмір бойынша өтініштің қаралуы және нәтижесі туралы төмендегідей тәртіпте хабарлар бола алады:

- 8 800-080-7777 телефонна (тегін) қоңырау шалып (стационарлық телефоннан), 1414 телефонна (ұялы) қоңырау шалып, операторға талон нөмірін хабарлау;  
- талон нөмірін 1012 телефонна SMS хабарламасы арқылы жолдау. - ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің: http://service.pravstat.kz Сайтына кіріп, «Мемлекеттік органдарына өтініштер» бөлігін таңдап, талон нөмірін енгізу арқылы;

Сұрау салу бойынша тиісті мәлімет берілмеген жағдайда, өтініш беруші ҚР Бас прокуратурасының Call-Орталығына 115 нөміріне хабарласуға болады.

Бірегей нөмірі бар талондарды беруді:

- 1) ең жоғарғы өкілдік орган, орталық атқарушы мемлекеттік органдар және олардың ведомстволары, сондай-ақ басқа да орталық мемлекеттік органдар 2012 жылдың 1 шілдесінен;
- 2) облыстардың және Астана, Алматы

қалаларының әкімдері аппараттары 2013 жылдың 1 сәуірінен;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері аппараттары, сондай-ақ облыс мәслихаттары, жергілікті атқарушы органдардың және мемлекеттік органдардың аумақтық органдары 2014 жылдың 1 қантарынан;

4) аудандық өкілдік және атқарушы органдар 2015 жылдың 1 қантарынан бастап жүргізуде.

Облыс бойынша 2015 жылдың 1 қантарынан бастап 7 аудан әкімі аппараттары, 7 мәслихат, 2 қала әкімі аппараттары (Арал, Қазалы қаласы), 10 кент әкімі аппараттары, аудандық әкімдікке қарасты 105 дербес бөлімдер, 146 ауылдық округ әкімі аппараттары, барлығы 300 мемлекеттік орган «Айқын» жобасына қосылып жұмыс атқарады.

Облыс бойынша мемлекеттік органдармен 2014 жылы «Айқын» жобасы бойынша 5553 өтініш нелеріне бірегей нөмірі бар талондар берілген.

**ҚР БП құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы.**

## ● ҚАРЖЫ

## Болашақтың бағдарын айқындайды



Қазақстан – әлемдік экономиканың бір бөлшегі. Жаңа экономиканың саясатын жүргізу үшін Үкімет ауқымды бағдарлама түзді. Жаңа сын-кәтерге қарсы тұратын қалқан, Қазақстанның «Нұрлы жол» деп аталатын жаңа экономиканың саясаты. Бұл саясат экономиканымызды құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталды.

Күннен күнге күйеіп келе жатқан әлемдік экономиканың дағдарыс пен қалыптасқан күрделі халықаралық ахуал кезінде «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын тиімді жү-

зеге асыру табыс кепілі.

Жолдауда тауа уақыттағы беталысымыз, елдің даму бағыты айқындалады. Бұл Жолдауда экономикалық реформаларды одан әрі терендетуге, әлеуметтік сала өркенін осы деңгейінен төмен түсірмеуге айрықша мән берілген.

Еліміздің алдында әлемдегі ең алдыңғы қатарлы дамыған 30 елдің қатарына қосылу міндеті тұр. Жаңа экономиканың саясатқа көшуіне бағытталған Жолдау осы мақсатқа жетудің басты бағдары.

Жолдаудың ең басым бағыты – еліміздің инфрақұрылымын, онның ішінде көлік, теміржол жүйесін, жол құрылысын, тұрғын үй-коммуналдық саласын одан әрі дамыту – жалпы экономиканымызды өркендетудің басты қозғаушы күшіне айналатыны белгілі! Ал аймақтардың инфрақұрылымын жетілдіру барысында жаңа жұмыс орындарының ашылуы халқымыздың жарқын болашағының кепілі болатыны анық. Жолдауда әрбір Қазақстан азаматының қоғамда, экономиканың орта және кіші бизнес саласында лайықты орын алу қажеттігі басым бағыт ретінде атап көрсетілген.

Біздің елде экономиканы әртарап-тандыру көрішлес жатқан көп елдерден әлдеқайда бұрын басталды. Енді соны тереңдету үшін Ұлттық қордан қаржы бөлінбек. Шағын және орта бизнес мемлекеттің ең маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болғандықтан, ол саланың да өркендеуіне қолдау көрсетіледі. Қазақстандықтардың тұрмыс деңгейлері жыл өткен сайын жасқарып келеді. «Мәңгілік ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Жалпыұлттық идеяны өміршен ететін елдің бірлігі. Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті.







«Заманына қарай адам», «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген нақыл сөздер ертеректе ашық мысықпен айтылғанымен, бүгінгі нарық заманы адамының ой-өресіне дөп келетіндей.

Халқымыздың талай арыстары ансап, жете алмай кеткен тәуелсіздік заманы экономикадағы «нарық» атты қыспақпен іргетас-түс келді. Өткен жиырма үш жылда осы аяусыз нарықтың катал заңына жауап қатуға жаттығып, қоғамдық құрылысымызды қайта орнатып, қыруар нәрсені жанадан үйренуге тура келді. Еліміз өзінің даму сатысында орасан қиындықтарды артқа қалдырып, елдің тұрмыс-тіршілік жағдайы жөнге келіп, егемендігіміздің іргесі бекіді. Қазіргі келіп жеткен жаңа халықаралық саяси-экономикалық дағдарыстың алдында да өзімізді біршама еркін сезініп отырғандаймыз.

Бірақ, осы жетістіктердің узағынан сүйіндіруі және болашақтың іргетасын берік қалау үшін қоғамдық санада орын алған кереғар құбылыстарға зер салып, саралап отыру қажет деп ойлаймын.

Алдымен, өзіме етене жақын, осы күнге дейін ыстығымен біте қайнасып, суығына тозіп келе жатқан отандық ғылым саласындағы келеңсіздіктерге тоқталайын. Мысалы, еліміздің ғылым саласында жалған атаққұмарлыққа жол берілгені айқын. Бүгінде қоғамымызда ғылыми аттардың «миссиясы» (құнсыздануы) орнады деуге болады. Ғылыми атақ-дәреже атаулы кәрірінен айырылып, жарнама бизнесінің жалауына айналғандай.

«Иенем құдық қазағандай» еңбек етіп, ғұмырын ғылымның сүрлеу жолына арнап, бар

# ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚҰЛДЫРАУЫ

уақытын кітапхана мен зертханада немесе сынақ алаңында өткізетін, ұзақ жылдар бойғы топаласыз ғылым ізденістерін жемісі ретінде қол жеткізетін «ғылым докторы» деген атақтың құнын жоғалтып алғанымыз анық.

Бұрын академик атағын иеленген тұлғалар ғылымда өз саласының дамуына қомақты үлес қосып, асқар таудай еңбек етіп немесе ғылыми ерен жаңалық ашып, ішуде біреу ғана қол жеткізетіндей жағдайда болса, қазір азын-аулақ ғылыми еңбекпен-ақ «академик» атанып жүргендердің саны молайып отырғандығы таңғалдырады.

Жалпы, еліміздің Ұлттық ғылым академиясы кеңес дәуірінен кейін қиын заманды басынан кешіріп деуге болады. Қайта құрудың сойлығы алдымен ғылым секілді нәзік салаға тигені де баршаға белгілі. Еліміздегі өндіріс алуауыттарының өзі айлап-жылдап жұмыскерлерін жалмақсыз қалдырған, елді жаппай жұмыссыздылық қайлап, көпшілік жұрт ала сөмкесін қолға алып, шағын саудаға бой ұран, әркім өзіндігіне күнкірестің қамына кірсең, торғыу заманыдағы ғылымның хал-жағдайының аса мүшкіл болғандығы түсінікті. Қатардағы ғылыми қызметкерлердің орасан бөлігі ғылымнан жырақ кетіп, бірі шағын бизнестен орын таппа, кейбірі шетел асып, күн көрді. Осындай ауырталықты шакта еліміздің Ұлттық ғылым академиясы күрделі өзгеріске ұшырап, Ауылшаруашылық академиясымен біріктіріліп, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің аясына берілді.

Ұлттық ғылым академиясының мемлекеттің ғылым саласының аясында болуы көңілге үміт ұялатқанымен, бұл да ұзаққа созылмай, өз алдына бөлек ғылыми қоғамдастық болып бөлініп, өзінің қиын тағдырын жағастырды. Еліміздің ғұлама ғалымы Қаныш Сәтбаев негізін салған ғылым ошағы – Ұлттық ғылым академиясы өзінің құлдырау кезеңін басынан өткізді, еліміздің іргелі ғылымдарында дағдарыс орнағандығын мойындауға мәжбүр болған едік.

Ғылым саласы ел өмірінің айнасы секілді, кейін ел экономикасы өрлеу кезеңіне бас қойып, ғылымның қаржыландыруы ұлғайған шакта ғылымға жастар ағылып келе бастап, ғылым саласының арнасы да кеңейіп, жемісін иеленген заманға да қол жеткіздік. Бірақ кезінде еліміздің ғылым саласының басына түскен тауқыметтің салдары ғылым атактын құнсыздануына қол берудің басты себебі болғандай.

Басында Ұлттық ғылым академиясының 80-дей ғана академигі бар еді, кейіннен, академиктер мен корреспондент-мүшелердің деңгейі төменсіріліп, академиктердің саны 400-ден асты. Ал бертін келе, «академик» атағын қолдан жасап алатын жағдайға жетімдігі байланысты, құнсыздалып кеткені соншалық, «саны көп, сапасы жоқ» құр көрсеткішке айналғандықтан, қазіргі шамасы да белгісіз.

Еліміздің егемендік алған бастапқы жылдары өзін сыйлайтын бірнеше көрнекті тұлғалардың «Нью-Йорк академиясының академигі» деген атақты иеленіп жүргендігінен хабарлар болып, жалпы мұндай академияның бар екендігін естіп қормеген басым, мән-жайын сұрастыртып көрсем, бұл атақты иелену үшін сексен доллардай жарғмыз төлем жасау қажет екендігін біліп, қайран қалып едім.

Ал қазір бұл жайт ешкімді таңғалдырмайтын күйге жеттік. Самсаған «күмнәді» академиялардың саны көбейейтп қашан. Әлемге аты йігліі ғылым мен білім ордаларының атына жұрнақ жалған алып, жалған атақ-дәреже тартуға кәсібі көркею үстінде, олардың көпшілігінің ғылымға ешқандай қатысы жоқ, түрлі әуестік бағытында аулада құрылған үйірмелер тәрізді.

Менің атыма поштамен «Америка биографиялық институты» атты ұйымнан 2011 жылы «XXI ғасырдың ғұламасы», «Ғылым үздігі-2011» деген атқатардың тағайындалғаны туралы хабарлама келіп түсті, біл не деген «батпан құйрық» деп оқып қарасам, соңғы жағында медалі, сертификатты, тағы сол секілді қосымшаларымен, бұл атқатардың бірінші құны мың доллардай сомаға шағылып, бағаланған преискурранты қоса салынған екен. Атыма арнайы келген, аты даңғаздай, осындай «тағайындалғанын» жалпы саны оннан асқан, ішінде Еуропалық Бизнес ассамблеясының (Оксфорд, Ұлыбритания) «Ғылымдағы есім» атағы бар (халықаралық Сократ Комитетінің тапсырысымен деген желеумен). Тек жолапар, қонақжай шығынын, медалі мен орденін, дипломын әзірлеу құнын өзің көтерсең болғаны, батыстың жалған «атақсымағының» салтанатты қошеметпен тапсырылуына қатысып, қалаушыңа күмнiгтен атактың «қадірменді» иегері болып шыға келесің.

Көбінесе, батыстық «әріптестеріне» ресейлік компаниялардың дедпал болып жүргендігін, ғылымды бизнестің көзіне шебер айналдыра алатындығын, соңғы уақытта жалған атақ-дәреженің құны бас-ағы 7000 еуроға шағылғандығын да естимін.

Осындай бизнеске бейімделген «академиялардың» пошта жіпшіктеріне салып тарататын

жарнама қағаздарына сәйкес, жарғы-төлемі үшін ұсынатын жалған «атақсымақтарын» манғазданып, иеленіп жүргендер де ортамызда мол табылады. Құдайға шүкір, мұндай ұсыныстарды ешуақытта қабылдаған емеспін.

Шынтуайтына келгенде, аталған келенсіз көріністер адамның өз басын сыйлауды ұмытқандығын былай қойғанда, айлакерлік бизнеске қолдау көрсетумен тең.

Онай пайда табуды көздеген «іскерлер» атақ-құмарлық секілді адамның пенделшілікке бас ұратын, осал тұстарын тауып, табысқа кенелгендей, ал бұл жайт жаппай індетке айналып, қоғамдық сананың арнасын теріс бағытқа әкетуле.

1982 жылғы Америкаға барған алғашқы сапарымның бірі осы атаққа байланысты бір оқиғасымен есімде қалып еді. Техастағы ғалым досымның арнайы шақыруымен жолға шыққан болатынымын, үшу кестесі өзгергендіктен бе, ұшақтан түскен бетімде қарсы алушылармен бірден кездесе алмай қалдым. Шақыру құжаттары бағаждағы портфельімде қалған, енді аэропорттағы залға өтуім қажет, білетін азын-аулақ ағылшыншамды салып, алымды бөгенен полицияға: «Шақырумен келген академиктің» делім. Сөйтсем, полициялық түрнерген қалпынан еш өзгермейді, сөзімнің, тіпті, ешқандай әсері болмады. Мен осы сөтте қалаң ағылшыншамды жинап: «Мен дәрігерім» делім. Полицияшылар бірден түрі өзгеріп, жүзі жыпыл сала берді. Постыға барып, «бұл дәрігер, жіберсеңдер», деп бөгенен жолымды ашып, құрмет көрсеткен еді. Бұл жайт олардың қоғамында «аты бар, заты жоқтың» бұрыннан-ақ қалыптасқандығын көрсетеді. Біз де көп ұзамастан, солардың көбін

# ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚҰЛДЫРАУЫ

кіндік, нәтижесінде, қазір көбінесе, «академик» деген атақты есіміме қосып айтуға ұялатын дәрежеге жеттім. Ғылымда жарты ғасырдан астамын уақыт бойы үздіксіз еңбек етіп, иеленіп келе жатқан абыройыма нұқсан келетіндей болып көрінді.

Жалған жарнамашылықтан орасан пайда түсіруді көсіп еткен осындай транс-атлантикалық компаниялардың «үлгі-өнегесін» отандастарымыз да үйрене бастаған. Оның мысалы, 2013 жылғы біздің академиямызға Ұлттық бизнес-рейтинг бойынша «Саланың үздігі-2013» атағына ұсынылғанымыз туралы хат келді, аты естілген ұйымдардан тұратын сала құлаш тізімді алға тартқан. Ең қызығы, бұл саяйсқа қатысудың және түрлі атақ-медалін иеленудің құны жағынан олар америкалық «әріптестерінен» асып түседі екен. Отандық «іскерлерміз» жеке тұлғадан емес, корпоративтік тұрғыдан жалған-рейтинг арқылы табысын молайтуды ұйғарып, «тапқырлық» танытқандай.

Осыған ұқсас істің бірі «Кімнің кім екендігі» («кто ест кто») атты еліміздің көрнекті тұлғаларына арналған кітаптың шығаруы. Атышулы кітапты қолыма алып, қарап шыққан кезде оған енгізілген адамдардың тізімінің ал-құлалығы бірден көзге шыалыды, кітапқа ар саланың майталмандарынан қатар елге қандай еңбек сіңіргені белгісіз жандар қатар енгізілтілі. Еліміздің ғылымында өз саласының ауыр жүгін сүйретіп, алға алып шыққан, ұшан-теңіз еңбек сіңірген жандарды еңбегін салыстыруға да келмейтін адамдармен бір қатарға қою – ар алдында ұят іс емес пе?

Өрине, «өнерге әркімнің де бар таласы» деген, көсітіліп кітап шығару қазір өнерге айналғанымен, ғылым-білім саласына қатысты мұндай ала-құлалықты – әділетсіздіктің шыны деп білемін.

«Бизнестегі табыс» атты заманауи сыйаыстың жүлдегерлері қатарында да көбінесе, көпшілікке белгісіз, жаңа есімдерді байқаймыз. Кеше құрылған бизнестің бүгінгі «майталманы» болып шыға келу де – күмәнi мол көрініс. Шынайы атактың орнын ақша-ақша басқан, қадірі қашқан заманның бірінде өмір сүріп отырғандаймыз.

Жалған атаққа ие болып жүрген жарандардың өзгеген қатар өздерін алдап жүргендерімен ісі де жоқ болғаны ғой. Бұл жайттар бүгінгі өмірімізде «тәтті өтіріктен ашы шындық артық» деген ұғымынш қоғамдық санадан алыстап бара жатқандығын көрсетеді. Өмірдің мәнін құрайтын, маңандықтың шынайы шебері болуға ұмтылыс кешкіді дәстүрлі және қоғам үшін пайдалы үрдістің көптегі күннің енішінде қалуы – қынжылтатын көрініс. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтама» деген, бұл аласыпранның соңы еліміздің ғылымн қандай қайраңға апарып соғары белгісіз.

Ересектердің осындай үлгі-өнегесін көріп өскен, «ақ пен қараны» айырып үлгермеген, жаһандану заманының «пепси-ұрпағы» атанған жастарымыздың санасы қауіпті үрдіске батып, улануға ұшырап жатқандығы айқын. Шынайы ғылым туралы жасақ пікір қалыптастырған жастарымыз болашақты қандай жетістіктерімен қарсы алмақ?

Ғылымға «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» адамдардың есімдеріне ілесіп етіп, ғылыми атақ-дәреже қосып алатынды әдетке айналдыруы бүгінгі күннің көріксіз келбеті. Мысалы, биілік органдарында жауапты қызмет атқарған қызметкерлердің жұмысбастылығы баршаға аян, сонда олардың қай уақытта мәні зор ғылыми диссертация жазып, оны қай уақытта қорғап үлгеретіні белгісіз, бірақ, қазір ішінде «ғылым докторы» деген атақты қанжығасына байламағаны келедем. Шығарып жатқан кітаптары жоғтары да табылады.

Осы жағдайға байланысты соңғы кезден келтіретін оң мысалдардың саны саусақпен санарлықана. Еліміздің мемлекеттік басқару саласында лауазымды қызмет бабында жүрген тұлғалардың бірі – Мұхтар Құл-Мұхаммед ғылымда тікелей еңбек етіп, ғылым докторы атанып, осыдан кейін ғана басқару саласына бет бұрғаны белгілі. Осы секілді азаматтың бірі Әлихан Байменовтің өмірбаянын оқысам, қатардағы ғылым кандидаты екен, оның өзін бастапқыда ғылыми институтта еңбек еткен кезінде иеленген. Бұл азаматтың атқарған биік қызметінде жүріп, мысалы, облыс әкімінің орынбасары болған кезінде, ғылым докторы дәрежесін алуға мүмкіндігі жеткенімен, ар-ұятының жібермегені түсінікті. Көп жалғанның арасынан «ат төбеліндей» шындық тапқандай сезімде болдым. Осы орайда, оқырманға өз өмірimde орын алған тағы бір жайтты айтқаным дұрыс болар. Мен Кеңес заманынан бері Ресей медицина ғылым академиясының толық мүшесі болғандығыма сәйкес академияға шетелдік мүшелерді енгізуге құқығым бар, осыған байланысты еліміздің бір азаматы жалынып, өтінуіне орай Ресей медицина ғылыми академиясына шетелдік мүшесі ретінде қабылдануына ықпал еттім. Ал қазір қарасам, өзін осы академияның толық мүшесі ретінде санайды, айтылған екі атактың арасындағы жер мен көктей айырмашылықтың

қалтарыста қалатындығын қоспағанда, Ресей медицина ғылыми академиясының есігін де ашпаған жанның көрер көзге күмініп, осы академияның академиктерімен «терезесін төненсіріп», «жейдесіне сыймайтындай» күйге жетіп-артылғандығын көргенде, осы жайт үшін әрдайым көңіліме ыңғайсыздық сезімі ұялайды.

Соңғы кезегі ғылым менеджментінде орын алған жасқы жаңалық – жоғары «Phd» дәрежесін иелену үшін міндетті түрде докторантураны төмамдау қажет. Осындай тосқауылды жағдай ғана ғылымдағы жаппай дәреже құмарлыққа деген тәбетті азайтып, жалғандықты жоюға анарады деген үміттемі.

Жалған атаққұмарлықтың ұлтымыздың болашақтағы қарымына қайшы нәрсе екендігі түсінікті. Жалғандық жалпаған қоғамдық санаға шынайылық сипат беру уақыт өткен сайын күрделеніп, шиеленісе түспек.

Қазір қоғамда тағы бір көңілге көленке ұялатар жайттың бірі – «жазылмаған заңға» айналып бара жатқан, індет секілді таралған көрініс – жаппай тойқұмарлықмыз. Дарқандықтан да шегі бар, «ас та төк» етіп жайған үстелдерінің арасында көлік қатынайтындай, даңғаз той жасаудың тіпті, жалпы ел көлемінде экономикамыздың дамуына тігізетін зияны зор.

Бұрын мерейтойлар 60 жастан бастап өткізілетін еді, қазір жалпы «мерей» ұғымы жасарған сынайлы, себебі, 40-50 жастық мерейтойлардың ауқымды түрде тойлануының жиі куәсі болып жүрміз.

Жыл сайын елімізде мыңдап өткізілетін тойлардың атрибуттарының алуан түрі мен бағалы сыйлықтарының мол көлемі халықтың басым көпшілігінің жалқы мен зейнетқақпа қараған, сын көрмейтіндей хал-жағдайына сай келмейтіндігі айқын.

Ата-аналардың балаларының үйлену тойын жасау үшін пөтеріп жалға қойып, банктен қарыз алуға дейін баратындығы, ал кейін пөтерінен айырылып қалатын жағдайлардың да кездесуі – бүгінгі өмірдің ашы шындығы. Бұл біздің өмірімізде қоғамдық сананың жеке адамның санасын білейтіндігінің айқын мысалы, сондықтан, алдымен, қоғамдық сананы дұрыс бағытқа бұруымыз қажет.

Жұық арада қалыптасып үлгерген жаппай тойқұмарлық, астамшылық, ысырапшылық әдетіміз қоғамдағы қайшылықтың айнасы тәрізді, бұл жағдайдың күн үшін пайдалы екендігі мүлде түсініксіз. Қаншама еңбектің жемісі за кететіндігін ойлауға мұршама қаламаған, эстафета жарысында жүгірген спортшыларға ұқсаған сынайлымыз. Озық білім, жоғары мәдениет, үлгілі еңбек тұрғысынан өзара бәсекелестікке түсу ойымызға келе бермейді, ал тойық келсек, бәсекеге бел шешіп түсетініміз нелікпей?

Осы тойқұмарлыққа ұқсас көріністің бірі – қазір елімізде шетелдік өкілдерді арнайы шақырумен, мемлекеттің және жеке компаниялардың қаржылары молдап шығындалатын, түрлі тақырыптағы халықаралық конференцияларды, жиындарды өткізуді әдетке айналдырық. Тіпті, Елбасының өзі осы жөнінде ескертіп, араласуына тура келді. Ал осы шетелдік өкілдердің осы конференция-жиына сіңірген еңбегі туралы, елімізге қандай нәтижелі еңбегі арқылы келуіне қатысты, ең бастысы, келуінің барысында қандай тәлім-тәрбиелік нақты іс атқарғандығы жөніндегі ақпаратты, көбінесе, біле бермейміз, құр «шетелдік қонақ» деп дәріптеп, шанап жауып, сый-құрмет көрсетіп, шабылуды салтқа тейейміз.

Осы орайда жұмыс бабындағы «қатаң этикет» деген ұғымды жанадан оқып-үйреніп, ресми тәртіп тұрғысынан шектеу қойып, тіпті, ғылым салу да қажет болар, бұл шаралардың қазына қаржысын үнемдеуге септестігін тігізгегі сөзсіз.

Дегенмен, бұл жағдайға қатысты еліміздің медицина саласында он сипатты мәселелердің де орын алып отырғандығын айтып өту қажет. Қазіргі кезеңде еліміздің медицина саласының мамандары шетелдік әріптестермен бірлесе отырып, көптеген күрделі трансплантологиялық операцияларды жүзеге асыруда. Мысалы, Алматыдағы қатардағы №7 қалалық аурухананың трансплантология бөлімшесінің құрылған алғашқы жылдың (2012 ж.) өзінде бүйрек алмас-тыру бойынша 28 операция, қол уақыттан бері бауыр алмастыру бойынша 9 операция жасалған. Кәсіпқойлықты шыңдау тұрғысында алыс-жақын шетелдік серіктестермен (Шеберлік сынабы) аясында ынтымақтастық еңбек ету ешқандай даңғазасыз, қарапайым жұмыс кестесінің шеңберінде өтеді. Бұл шаралардың адам өмірін сақтауға қатысты пайдасының ұшан-теңіздігі айтпаса да түсінікті.

Тарихтан мерейтойларды тәрбиелік мәнді түрде атап өтудің мысалын келтіруге болады. 1937 жылы орыстың ұлы ақыны Пушкиннің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның шығармаларының жинағы орасан таралымын шығарылып, қияметі мол сол жылдары халыққа тірек болғандығы баршаға аян.

Біздің де халқымыздың бас иетін дана тұлғалары, ойшыл-ақындары Абайдың, Жамбылдың мерейінің құрметіне арнап мыңдап киіз үй тігіп, ат шаптырып, бөйгеге бағалы сыйлық тігіп, той-думан өткізудің орнына шығармаларының жинағын мол таралыммен халық арасында таратып, ар отбасында дәріптеу шараларын ұйымдастырсақ, халқымыздың мәдениеті мен ой-өресін көтеруді арман еткен осы әзіз тұлғалардың үндеуі өскелен ұрпақтың көңіліне жетіп, көпшілікке бір мезгіл терең ой түсіп, ұлттық санаға үлес қосатын келешегі іс болар еді.

Кейінгі тәуелсіздік алған жылдарымызда дәстүрге айналған «Өуезов оқулары» ұлы Абай жолының басты дәріптеуіші, классик жазушымыз Мұхтар Өуезовтің зердесі мол әдеби мұрасының халық арасында кеңінен тарай бастауына септігін тігіткен, осы арқылы ағартушылық мақсатты көздеген, зиялылық ұшқынындай, сирек заманауи шара ретінде ауыз толтырып атауға болады.

Бүгінгі заманамыздың белгісіне айналған қынжылдықты көріністердің шығу себебі – құндылықтардың құлдырауы болса керек. «Еңбек түгі – зейнет», «Еңбек етсен ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халқымыздың дана сөздерін өскелен ұрпақтың құлағы қазір шала бермейді, қас ұрпаққа осындай тағылым беретін үлкендер саны да азайып бара жатқандай. Бір сөзбен айтқанда, «жеңілдіп астымен, ауырдың үстімен» ғана жүретін, мамандығының қыр-сырына үйіліп, үйренуге тырыспайтын, саяз ойлы, тоғышар ұрпақ тәрбиелен жатқандаймыз.

Құндылықтардың бүгінгі құлдырауы ертеңгі күнге қатысқан ормен тең. Болашақта онық жетібес үшін қоғамда қазіргі қалыптасқан жөнсіз-жоқсыздық мінез-құлықты, зиянды әрекеттерді жою жолында қоғамдық күштерді жұмылдырағынымыз жөн. Халқымыздың болашақта өркенет көшіне ілесіп, ілгері дамуы үшін өзгені де, өзімізді де сыйлай білетін, ішкі-сыртқы мәдениетімізді таныттын уақыт жеткендей.

**Төрегелді ШАРМАНОВ.**  
«Егемен Қазақстан» газеті.  
13 наурыз 2015 жыл.



Өмір соққан дауыл сияқты. Қорғанбасқан, қанбақ секілді ұшырып әкетеді де, өзінің иіріммен үйреді. Ал дауылына да, жауынына да төтеп берсең, оның өз-ақ саған қорғаныш болады. Кейде адамдар сал сынаққа сынып, мүжіліп жатады, ал кейбірі қандай болмасын соқпаға беріспей, жаны от боп күйіп, өзі үшін ғана емес,



## ҰСТАЗДЫҚТАН РАХАТ ТАПҚАН ЖАУЫНГЕР

елі үшін тынымсыз тер төгеді. Өрине, мұндай жандар саясатпен санарлық. Жаумен соғыста да ерлігін ешкімге жеткізетін қылмаған, бейбіт күндегі еңбегін де ешкімге артпаған сондай адал жандардың бірі – соғыс ардагері, ұстаз Шәкен Құнтуар.

Ол 1920 жылы Жалаған ауданының «Мақпалкөл» ауылында дүниеге келген. Кішкентайынан аштықтың ашы дөмін тартты. Бір үзім нан үшін ел кезіп, естігін тоздырды. Аңаршылықтан Қарақалпақстанға бір қауым ел болып үлере көшкенде бала Шәкен безгекке ұшырайды. Әкесі ауруға шалдыққан баланы келесі көшке аманат етіп тастайды. Азанда тұрып қараса, мұны сеніп тапсырған көш жапан далادا жалғыз қалдырыпты. Ата-анасынан қол үзгенде де көзіне жас алмаған жас бала сол кезде боталай боздады. Өзінің ешкімге керексіз бол қалған тағдырына налыды. Дегенмен, оны бойындағы қайсарлық шындап, өмір сүруге деген қабілетін арттырады. Қарақалпақтың да, өзбектің де, түрікменнің де тілін тауып, өзінің наным алып жейді. Осылайша ар ұлттың есігін күзетіп жүргенде, Қарақалпақстанда жетімдер үйі ашылды дегенді құлағы шалады. Қорғанысз жеткіншек арып-ашып соған жетеді. Өжеттігінің арқасында ешкімнің қолдауынсыз балалар үйіне орналасады. Сонда оқу оқып, тәрбиеленеді.

Туған-туыстан көз жазып қалған бала Шәкен оларды іздегіртуді тоқтатпайды. Бұл жағында журналист Қабі Мыжықанов сол кезде бұрынғы «Социалды Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінен Шөкенге хат жолдайды. Хатта былай делінген: «Шәкен! «Социалды Қазақстан» басқармасы хатыңды алды. Өңен мен туғандарының қайда екенін ауыздан басшылары арқылы білді. Өңен Құнтуар Арыстанбекұлы, ағаларын Төрехан, Әбілқирм Қармақшы ауданындағы «Калинин» ауылдық кеңесі, «Мақпалкөл» серіктестігінде мүше және сонда тұрады. Өкеннің, туғандарының тұрмысы, халдері жаксы, малдары бар, өлдері аман. Өзін оқуыңды жақсы оқып, болашақта үлкен адам болып шығуға тырыс».

Хат латын қарпімен жазылып, сак-

### ●ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

КР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облыстық департаменті жиналдығы қоғамдық кеңестің қызметі отырысында “Халыққа қызмет көрсету орталығы” РМҚ облыс бойынша филиалының 2014 жылы атқарылған жұмыстары қаралып, филиал директоры Аида Әбибулдинова баяндама жасады.

Аида Ибрагимқызының айтуынша, бытырті 1 млн 365 мың 945 құжат қабылданып, 1 млн 381 мың 355 құжат тартырылса, оның ішінде 2210 құжат бойынша мемлекеттік қызметтер сапасыз көрсетілген. Десек те, сапасыз қызмет көрсетішкі 2013 жылдан салыстырғанда 74 пайызға азайғаны байқалады.

Халыққа мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетудегі басым бағыт қабылданған құжаттарды белгіленген мерзімде орындау десек, мерзімі бузылған құжаттар саны өткен жылы 2415-ті құраған. Оның төрттеуі орталық қызметкерлерінің, жеті жүз екісі уәкілетті органдар, қалғаны техникалық ақаулықтардан орын алған.

Енді жергілікті атқарушы органдар арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтерге тоқталсақ, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, денса







## “СӨЗ СОЙЫЛДЫҢ” СЕРКЕСІ

● ӘП. БӘРЕКЕЛДІ!

Әз-Наурыз мерекесі қарсаңында “Егемен Қазақстан” газетінің “Сөз сойыл” әзіл-сықақ отауы бойынша биылғы жеңімпаз анықталған болатын. Осынау бәйгеде



жыл бойы жарық көрген көркем туындылары үздік деп танылған Орыноасар Әлжік озып шықты. Жерлес журналистке қалың оқырмандар атынан құтты болсынды сатира сала-сындағы әріптес ағасы, белсенді авторымыз Қазыбек Әшірбекұлының жүрекжарды тілегімен жеткізгенді құп көрдік.

Сатирада ізі бар,  
Керемет бір кісі бар.  
Ол Орекен Сырдағы,  
Тілінің тура “бізі” бар.

Шымшыманы тамаша,  
Отырып жазар оңаша.  
“Сюжетті” бір шумакка,  
Сыйдырады Шонаша.

Елеудің болмас ертесі,  
Сатираның еркесі,  
Орекен быыл атанды,  
“Сөз сойылдың” серкесі.

БАҚ-тағы ата басылым,  
Жасамай іс жасырым,  
Жүлдегер деп таныған,  
Сыр бойының асылын.

Қуаныштымыз мүлде біз,  
Құтты болсын жүлденіз,  
Көбейе берсін келешек,  
Жүлде менен бүлденіз!..

Қазыбек  
ӘШІРБЕКҰЛЫ.

## ● ҚОЛӨНЕР

Кез келген адамның бойында өнер болады. Ал оны дамытып, жетілдіру өзінің қолында екен. Алайда, сол қасиетті бағаламайтындар да бар. Зылиха Календарова ондай жандардың қатарынан емес. Бала күнінде сурет салуға жаны құмар қыз бос уақытында түрлі заттарға бейне кескіндеуге асығатын. Мектеп қабырғасында жүріп, оның бұл талабына қызығатындар да көп еді. Дегенмен, қыз баланың тұрмыс құрып, отбасының шырағы атануы заңдылық. Зылиха анамыз жоғары сыныпты аяқтаған соң тұрмыс құрып кетеді. Ана атанады. Күйбең тіршіліктің қарбаласымен арпалысса да, әлгі бойындағы өнерге деген тылсым күштің әсерінен қолына қайта қаламын алады. Содан бір күні жарамсыз болып, түсі кеткен сандықты алдына қойып, түрлі-түсті



## ШИ ТОҚУДЫҢ СЫРЫН БІЛГЕН ЖАН

бояулармен қайта сәндеп шығады. Бұл қасиетін байқаған көршілері бірте-бірте сандықтарын әкеле бастайды. Ескі тұрмыстық заттарды әрлеп, жанаша кейіпке ендіреді. Енді тек ауыл тұрғындары ғана емес, көрші елді мекендерден де тапсырыстар түсе бастайды. Осылай Зылиха апайдың есімі көпшілікке танылады.

– Мен бала күнімде сурет салуды жақсы көрдім. Тіпті қанықтарыға да сурет салған күнім болған. Бір күні туысымның үйіне барсам Абайдың портретін шілден шығып етіп тоқып қойыпты. Соны көріп таңғалдым. Әлгі әпкем ши тоқудың жолын ауызша айтып берді. Содан қажетті заттарды жинай



бастадым. Шүкір, ауылда мал бар. Керекті жүнді кез келген үйден табуға болатын. Ши болса ауыл сыртында өсетін, соны тамырымен емес, орта белінен қырқып алдым. Үйге келген соң тазалап, керектісін бөліп қойдым. Ақ қағазға сурет салдым. Жүнді түрлі-түсті бояулармен бояп дайындадым. Суретке қарап отырып, шиге тоқып шықтым. Міне, осылай ши тоқуды да жетік үйірденім. Бастапқыда оңай болған жоқ, бір қателіктер шығып тұратын. Ал екінші рет жасағанда оны ескеріп отырдым. Уақыт өткен сайын жақсы дүниелер жасалды.

Бірде бір қызық оқиға болған. Ши таусылып қалыпты. Ойымда бір жақсы дүние тұр. Соны түсіргенше асығудамын. Болмаған соң жолдасыма қоға алдырып, соған тоқығанмын. Ол көктем

бейнесі болатын. Негізінен жасалған дүниенің көбі мерейтойларға арналады. Мәселен, Тәуелсіздік, Ұлы Жеңіс және қазақтың атақты тұлғаларының портреттері мен басқа да көптеген туындыларды тоқыдым.

Тағы бір айта кетерлігі, Зылиха апайдан ши тоқуды үйренуге келетіндердің қатары көп екен. Тіпті еліміздің түкір-түкірінен келіп, шебердің өнерін үйренуге қызығушылық танытады екен.

Зылиха апайдың сан түрлі өнері бар. Нағыз казак әйеліне тән құбылыс. Киіз басып, алаша, кілем тоқу сүйікті ісіне айналған. Оның жасаған алаша, текемет түріне түсірген ою өрнектері көпшіліктің қызығушылығын тудырып келеді. Оң саусағынан өнері тамған жан қазіргі таңда өзі тұрып жатқан ауылдағы мектепте аула клубы үйірмесінің жетекшісі. Бос уақытын шәкірттерінің қолөнермен айналысқанына арнайды. Ізін басқан шеберлер де аз емес екен. Ұлттық өнерді дәріптеп, ұлықтап жүрген жанның ісі мақтауға тұрарлық.

Ши тоқу өнері адамды сабырлыққа, төзімділікке үйретеді. Сондықтан бұл екінші бірінші қолынан келе бермейтін іс. Зылиха апайдың ендігі мақсаты киелі өнерді кәсіпке айналдырып, арнайы орында жұмыс жасағанды қалайды. Себебі мектептегі үйірме сыныбы мен үй бөлмесі жұмыс жасауға ыңғайлы емес екен. Сонда мүмкіндігім мұнан әрі арта түсер еді дейді. Шебердің отбасы да өнерлі. Балалары үнемі анасына көмектеседі екен.

– Олар ши тоқуды жақсы көреді. Кішкентайларынан бастап осы іспен айналысты. Қазіргі кезде кез келген тапсырманы орындап шығады. Оған қуанамын. Себебі ұлттық құндылығымызды жалғастыратын да жас буын өкілдері. Біздің өнерімізді жастарға дарыту керек. Менің қазіргі кесеп жатқан жұмыстарым қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз жайлы туындылар. Оларды көрмеге қоямыз. Өйткені көпшілік тамашалап, мереке жайында керекті мәлімет алуға да болады, - делі соңында.

Расында, ұлттық өнерді дәріптеп, жандандырып жүрген жанның ісі мақтан тұтуға тұрарлық.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

## ШҰАҚТЫ КӨКТЕМ ШАТТЫҒЫ

Тұрмыс төмен отбасыларының балаларына арнап «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресурсиз» АҚ есте қаларлықтай думанды мейрам ұйымдастырды. Бұл күні балалар ертегі кейіпкерлерімен бірге асыр салып, би билеп, сыйлықа тіл үйіріп тәттілер, жұмсақ ойыншықтар және де свитер немесе кеудешелер алды.

«ПҚҚР» АҚ жұртшылықпен байланыс бөлімінің менеджері Хүсейін Сәрсембаевтың айтуынша, осы күні Наурыз тойын тойлауға 350 бала шақыру алған.

– Мерекелік ертенгілікке шақыру қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен үкіметтік емес ұйымдар арқылы таратылды, - деп түсіндірді ол. – Жылда біз бұл шараға қалаға іргелес жатқан ауылдар мен кенттерден тұрмыс төмен отбасылардың балаларын неғұрлым көбірек қамтуға тырысамыз. Мақсатымыз – балаға өз әлеміндегі ғажайыпты сыйлау.

Мереке «ПҚҚР» АҚ өкілдері Хүсейін Сәрсембаев пен компания кәсіподағының төрағасы Елеусін Дүйсеновтің құттықтау сөздерімен басталды. Олар балаларға мықты денсаулық, оқуда табыс, көктемгі көңіл-күй тілеп, кереметтің болатынына сену керектігін айтты.



Бұл күні барлық балалар сәнді киімдер киіп келді. Кейбіреулері ертегілердегі кейіпкер бейнесіне еңсе, ал енді бір балалар ұлттық киімдер киіп келген. Көрермендер болса қызықты тамашалауға тықыршуда. Барлығы да қиялда ғана болатын бір ғажайыпты болатынын үміттенгендей.

Сонымен Қыдыр Ата, Күз, Қыс, Көктем және Жаз есімдерін иеленген кейіпкерлердің қатысуымен сахналық көрініс те басталды. Мазмұны бойынша жан-жаққа бытырап кете берген қозыларға еге бола алмайтын жас бастағының іс-әрекетін бейнелейтін биді «Балбұлақ» би тобы өте тартымды орындады. Музыкасы мен орындауының әсерлі болғаны сонша, балғын



көрермендердің көбісі орындарынан тұрып, биге қосылып кетті. Өнер мектебінің жас әншілері Арайлым Берік пен Димаш Әбу сахнада ән салғанда балалар қосыла шырқалды.

Сонымен қатар түрлі конкурстар мен сұрақ-жауап сайыстары өткізілді. Балаларға «ашамайға мінгізу» және «айдар шаш алу» сияқты қазақтың ұлттық дәстүрлері көрсетілді. Мұның біріншісі түп төркінін қазақ халқының көшпелі өмір салтынан алады. Ескіден жеткен есті сөзге ден қойсақ, ерте заманда көптеген қазақ сөбілеріне жұрмес бұрын атқа отыруды үйреткен. Сонымен қатар баланы ерте отырғызып, қолына қамшы ұстату сияқты да айрықша мән беретін салт болған. Балалар бұл дәстүрді ден қойып көрді.

Екінші дәстүр – ер балаға туғаннан айдар-шаш қойып, оны бес жасқа толғанда кию құрпы. Бұл рәсімді көрермендерге көрсетуге қатысқан балаларға марапат ретінде жұмсақ ойыншықтар мен термөшінейектер табысталды.

Мерекелік шара аяқталған соң балалар да, оларды ертіп келген ата-аналар да өздеріне осындай шат-шадыман мейрам сыйлаған «ПҚҚР» компаниясына разашылық сезіммен және көтеріңкі көңіл-күйде тарап жатты.

Қарақөз Сабытова ертенгілікке қызы Ақжол Сүлейменованы әкеліпті.

– Біз Қызылжарма ауылынан келдік, - дейді ол. Отбасымызда төрт бала бар. Ертенгілікке шақыру билетін аудандық әкімшіліктен алдым. Бізбен бірге ауылдан тағы төрт бала келді. Мұндай мерекелік шараға бірінші рет қатысуымыз және шақырылғандардың қатарында болғанымызға қуаныштымыз. Мейрамға осындай сыйлық жасаған ұйымдастырушыларға үлкен рахмет. Көңілдері қуанышты сезімге толы балаларымыз ұйымдастырушылардың Наурыз тойына арнап берген сыйлықтарына да дән риза. Компания басылығына адамдарға деген ықыластары мен ізгіліктері үшін алғыс айта отырып, компанияның алдағы уақытта өркендеп, толағай табыстарға кенелуін тілеймін.

## ● ҚАЗАЛЫ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

### Қартқа құрмет – ұрпаққа міндет

Қазалыда қазыналы қарттарды құрметтеуге баса мән беріледі. Жұырда аудан әкімі Бақыт Жаханов кент пен Қазалы қаласында тұратын абзал әжелердің отбасында болып, ізет көрсетті. Ат арқасындағы азаматтар ең алдымен «Алтын алқа» иегері Айзада Бекмамбет әжеңнің отбасына аялдады. Кенес үкіметі кезінде Батыр ана атанған алтын құрсақты ана он перзент дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Ұзақ жылдар бойы саула саласында, қаржы жүйесінде қызмет атқарды.

Осы күні аудан әкімі шаңырағында болған 24 немеренің әжесі Марал Боташова іргелі әулеттің асқар таудай ақылшысы болса, Бағым Бекниязова соғыс ардагерімен тенеітірілген тыл ардагері. Қазіргі таңда жиырма алты немере, отыз шөбере, бір шөпшегі бар. Сондай ақ, Бекбеші Төлегенова да ұрпағының бақытына кенелуде,

балалары Қазақстанның әр қаласында тұрады, түрлі саланың мамандары. Сол балаларынан тараған отыз бір немере, он жеті шөбересінің қызығын көруде.

### Қазалыда жолақы төмендеді

Қазалыда қоғамдық көліктердің жолақысы арзандады. Нақты кезеңде аудан көлемінде кентішілік және ауданішілік жолаушылар тасымалында жеке кәсіпкер Сәлімжан Айтжанов пен «Қазалы такси» ЖШС қызмет көрсетуде.

ҚР Энергетика министрлігінің бұйрығына сәйкес, мұнай өнімдерінің бағалары (оның ішінде жанармай, дизель отыны) төмендегені белгілі. Соған орай «Аудан көлемінде тұрақты автомобиль тасымалдарының маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған комиссия» шешімімен кентішілік және ауданішілік қоғамдық көліктердің бағасына өзгеріс енгізілді.

Нәтижесінде кентішілік маршруттардың бағасы 20 пайызға, яғни 50 теңгеден 40 теңгеге, ауданішілік маршруттардың (елді мекендерге қатынайтын) билет бағаларына 20 теңгеге төмендеді.

### Ардагерлер ардақталды

Жуырда аудан әкімі Бақыт Жаханов Жеңіс мерекесі қарсаңында соғыс ардагерлеріне ерекше ізет көрсетті. Дабыл нүктесі орнатылған ұялы телефондар қарияларға ең қажетті сыйлық болды. Ардагерлер денсаулығы сыр берген жағдайда бірден дабыл нүктесін басса, орталық оператор арқылы қажетті көмек тез арада көрсетіледі. Осындай мобильді құрылғы аудандағы көзі тірі майдангерлерге таратылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.  
Қазалы ауданы.

## «АЛПАМЫСТАҒЫ» АЛҒАШҚЫ НАУРЫЗ

Өткен жыл соңына қарай Әйтеке би кентінде “Алпамыс” атты балалар бақшасы бой көтерді. Әсем нысан «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынды. Байырғы педагог Эльмира Жалпабайқызы бастылық жасайтын іргелі ұжымның жетістігі мақтауға лайықты. Қысқа мерзімде балабақша қызметкерлері ел ілтіпатына бөленіп те үлгерді. Ғимаратқа қадам басқаннан жұмыс бағытының жүйелі жүргізілетінін аңғаруға болады. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылған. Бүлдіріштердің үш тілді меңгеруі де басты назарда тұр.

Кеше осынау періштелер ордасында дүбірлеген той өткізілді. Ұлыстың Ұлы күні Наурызды жиналған қауым зор қуанышпен қарсы алды. Кенттің шалғай

беткейінде орын тепкен бұл заманда мұндай думан көп кездесе бермесі анық. Қасиетті мерекені тұңғыш рет бірлесе атап өткізген ұжым мүшелері өз өнерлерімен көрермендерін тәңгі етті. Іс-шараның бөташары «Айгөлек» тобының көрінісімен ашылды. Онда наурызкөжеңнің жасалу жолы, топ тағамның құндылығы, қасиеті кеңінен түсіндірілді. «Балдырған» тобында Мамырбай Сәуле немересі Амандосты «Бесікке салу» рәсімін орындады. Топ тәрбиешілері Айсеуле Нұртай, Салтанат Батырбекқызы, Жанасая Мұратова балаларға Наурыз мерекесі туралы жақсы түсініктер берді. Тәрбиеленушілер болса, таппақтарын мәнерге келтіріп оқып, әннен шашу шашты. «Еркетай» кішілер тобында “Тұсаукесер” рәсімі жасалды. Бұл жерде

### 2015 ЖЫЛДЫҢ 27 НАУРЫЗДАҒЫ МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУЕҒЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

| Аудан            | Келіп түскен өтініштер саны | Орындары |
|------------------|-----------------------------|----------|
| Арал             | 6                           | 8        |
| Арал қаласы      | 9                           | 7        |
| Қазалы           | 0                           | 9        |
| Қазалы ауданы    | 12                          | 5        |
| Қармақшы         | 45                          | 2        |
| Жалағаш          | 13                          | 4        |
| Сырдария         | 11                          | 6        |
| Шіелі            | 13                          | 4        |
| Жаңақорған       | 25                          | 3        |
| Қызылорда қаласы | 255                         | 1        |

Облыстық қаржы басқармасы.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде Арал теңізіне құяр сағадан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 1 сәуір мен 30 мамырды қоса алғандағы аралықта, Кіші Арал теңізінің су айлағында 1 мамырдан 10 маусымды қоса алғандағы аралықта, Қызылорда облысының шегіндегі су айдындарында 20 сәуірден 10 маусымды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салынатындығын, сонымен қатар Артеминың көбеюі кезеңінде Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейін Қазақстан Республикасының аумағы шегінде Тұщыбас, Чернышева шығанақтары қоса алғанда, Үлкен Арал теңізінде 1 сәуірден 31 шілдені қоса алғандағы аралықта артемия жұмыртқаларын жинауға және дайындауға тыйым салынатындығын хабарлаймыз.

Облыстағы табиғат пайдаланушылардың назарына, балық шаруашылығын жүргізу келісім-шартының 4 бөліміне сәйкес жоғарыда көрсетілген кезеңдерде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) уақселерінде балық ресурстарының қорғалуын қамтамасыз етуді ескертеміз.

топтарының артуына әкелуде.

Ал облыс бойынша тұмау және жедел респираторлы вирусты инфекцияның эпидемиологиялық жағдайын мамандар тұрақты деп бағалауда.

Семинар барысында жоғарыдағы мәселелер бойынша облыстық тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті эпидкадағалау бөлімінің бас маманы Жұлдызай Жансүгірова, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының дәрігерлері Зира Айдарбекова, Света Нұржанованың хабарламалары тыңдалды және аурудың алдын алу, аурушандық деңгейін төмендету мақсатындағы жұмыстар талқыланды.

Барлыбек БАТЫР.

## ● ПОЭЗИЯ КЕШІ

### АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА



Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың 170 жылдығына орай №19 балалар кітапханасында «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты поэзия кеші өткізілді. Оған №10 және №173 мектеп оқушылары қатысты.

Ұлы Абайдың шығармашылығын насихаттау заман талабына сай жыл өткен сайын жаңғырып, ұрпақ тәрбиесіне өзіндік үлес қосып келеді. Ақынның рухани дүниесіне терең бойлап, әр сөзіндегі астарлы ойды ұғыну, оқушыларға өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту мақсатында өткізілген шара барысында Абайдың балалық шағына, шығармашылық жолдарына тоқтала отырып, оның сөз өнері, ән мен күй туралы ой-толғамдарын баяндайтын «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Құлақтан кіріп бойды алар», табиғат мезгілдерін суреттейтін «Қыс», «Жаз», «Жазғытұры» елді бірлікке, татулыққа, өнер мен ғылымға шақыратын өлеңдерін кітапхана оқырмандары нақышына келтіріп оқыды. Шара соңында оқырмандар «Дана халықтың дара Абай» атты кітап көрмесіне қойылған Абайдың еңбектерімен, ақын туралы жазылған энциклопедиямен, мерзімді басылымдарымен танысты.

Шынар ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА,  
кітапханашы.